



0518000 «Есеп және аудит»

Біліктілігі: 0518023 "Бухгалтер-ревизор"

Бухгалтер - маман иесі өз кәсіби біліміне сүйене отырып активтер, міндеттемелер, капитал, ақша айналымы, табыс және шығын, сонымен қатар кәсіпорын қызметінің қаржылық нәтижесі туралы деректерді басқару үшін құрылымын, анализ және активтерді басқаруды қолдануды қамтамасыз ету. Осы арқылы тұрмыстық субъекттердің экономикалық потенциалын

қолдануды, олардың қаржылық және экономикалық байланыстарын тиімді ұйымдастыруды, физикалық және заңды тұлғалардың жеке, экономикалық мүдделерін қорғауға қолғабыс жасауды жақсартуға үлесін тигізеді.

Бухгалтер-ревизордың кәсіптік құзіреттілігі:

- Бухгалтерлік есепке алудың есебінде келіп түсетін негізгі құралдардың, тауарлық-материалдық құндылықтардың, ақшалай қаражаттың, ұйымдармен, бюджетпен, физикалық тұлғалармен есеп айырысулар мен шет ел валютасының есептеулерінің шынайылығын, олардың қозғалысымен байланысты бухгалтерлік есептің есептеулерінің уақытылы көрсетілгенін бақылау;
- Мүлік, міндеттемелер, ұйымдар, бюджет, физикалық тұлғалармен есеп айырысу, шет ел валютасы операциясының бухгалтерлік есебін жүргізуі бойынша ұйымдардың қаржы-шаруашылық қызметінің ривизияларын жоспарлау және жүргізе білу, сондай-ақ арнайы тапсырмалар бойынша тексерулер жүргізу;
- Бастапқы есептік құжаттардың негізінде есептеулерді құру, ұйымдардың бөлімшелеріндегі бухгалтерлік есеп пен түгендеулерді ұйымдастыру және жүргізу тәртібін бақылау;
- Ұйымдардың қаржы экономикалық талдауының әдістерін, есептеуіш техника мен ақпараттық жүйені, еңбекті ұйымдастыру және басқаруды пайдалану ережелерін білу және қолдана білу;
- Қазақстан Республикасының еңбек туралы заңнамасын, еңбек қауіпсіздігі ережелері мен нормаларын қолдана білу;
- Анықталған кемшіліктер мен қателіктерді жою үшін бақылау тексерулерін жүргізу.
- Мүліктің, міндеттемелердің және шаруашылық операциялар мен есеп берушіліктің (қаржылай, салықтық) бухгалтерлік есебін ұйымдастыру жөніндегі заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілерді жұмысында қолдана білу.

Мерзімі: 11 сыныптан кейін: 1 жыл 10 ай;

9 сыныптан кейін: 2жыл 10 ай.